



Ақмешіт

30 қаңтар
сейсенбі
№9 (2019)
2024 жыл




Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

СЫРДАРИЯ САЛҒЫРТТЫҚТЫ КӨТЕРМЕЙДІ



АПАТТЫ ҮЙЛЕР АЗАЯ МА?

Таң атып келеді. Түні бойы Айғаным апа көз ілген жоқ. Төсегінен тұрып, үй қабырғаларына үреймен көз тастады. Қаншама жыл бұрын салынған баспананың қабырғалары ашылып, төбесі ажырап тұр. Кез келген сәтте құлауы ықтимал. Тасбөгет кентінің тұрғыны, зейнеткер Айғаным Айтұратованың апатты жағдайдағы үйде тұрғанына 25 жылға жуықтапты.

Иә, тозығы жеткен үйдің мәселесі жетерлік. Жел болса бірінші жарығы жиі сөнетін, жауын жауса төбесінен су кететін, қабырғаларын қоспағанда есік пен терезелері ескірген екі қабатты үйде тұратын Айғаным апа секілді тұрғындарды тек бір үміт қана алға жетелеп келеді. Ол – ескі үйлерінің орнына жаңа баспанаға көшу.

Халықтың өмір сүру деңгейін айқындайтын бір өлшем болса, ол – қауіпсіз де жайлы ортаны қалыптастыру болса керек. Алайда апатты және тозығы жеткен үйлер проблемасы жұртшылықты

талайдан толғандырып келеді. Қауіпсіздік стандарттарына сәйкестігі күмәнді үйлерде бірнеше мың адам тұратынын ескерсек, тұрғындардың тынышын қашырған мәселені тездетіп шешу қажет.

Тұрғын үйді жөндеу – біреудің қалауы емес, кезек күттірмейтін қажеттілік. Тірек құрылымның, іргетастың, қабырғалардың елеулі деформациясы пайда болған сәттен үй апатты жағдайда және тұруға жарамсыз. Мұны тек апатты үйлерде тұратын тұрғындар ғана біледі.

3-БЕТТЕ



Сырдария жыл сайын ерте көктемде тосын мінез көрсетіп, бір сынап алады. Мұндайда дария жағасындағы елдің дег-бірі қалмай, мазасызданатыны бар.

Себебі Сырдарияның тосын мінезінен су шайып кетіп, ел қиналған кездер аз емес. «Бұрынғыдай су жоқ» дегенмен, табиғаттың тосын сыйын ешкім болжап біле алмайды. Яғни жайбарат пен немқұрайлылықты көтермейді. Әзірге демін ішіне тартып, тым-тырыс жатқан Сырдарияның жай-күйін ерте бастан болжап, табиғаттың тосын мінезіне сергек болу қажет. Осы мақсатта кешегі жексенбіде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сырдария өзеніндегі су деңгейін тікұшақтан бақылап, дайындық жұмыстарымен танысты. Мамандардың айтуынша, қазір Шиелі ауданы, Қарғалы елді мекенінен 7 шақырым төмен «Таштоп» учаскесіне дейінгі Сырдария өзенінің иіндерінде мұз ұстасқан. «Төменарық» су бекетінде күр (шуга) жүрде. Еске салсақ, облыс аумағында 29 ықтимал су басу аймағы анықталған. Бұл аймақтарға қала және аудан әкімдіктері 364 арнайы техника және 1102 адам күші бар 116 жауапты мекемені бекітті. «Қазвиасқұтқару» акционерлік қоғамымен жасалған келісім-шартқа сәйкес 1 тікұшақ дайындыққа келтірілген. Билылға мұз жаруға және қап алуға облыс бюджетінен 14,8 млн теңге бөлінген.

Қала және аудан әкімдіктерінің ресми мәліметтеріне сүйенсек, су тасқынына қарсы пайдаланылатын материалдық-техникалық қорда 117,9 тонна жанар-жағармай және 139902 дана қап сақтаулы. Сондай-ақ 17710 бау қамыс, 5865 дана пашын және 2381 дана қарабура мен т.б. қажетті материалдар қоры жасақталған. Қажет болған жағдайда тұрғындарды қауіпсіз жерге көшіру үшін 59 жинақтау және 69 қабылдау эвакуациялық пункті дайын. Өңір басшысы өзендегі жағдайды тұрақты бақылауда ұстап, тиісті дайындық жұмыстарын уақытылы қолға алуды тапсырды.

«Ақмешіт-ақпарат»

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕ БОСАҢСУҒА БОЛМАЙДЫ




Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ музыкалық драма театрында өңірдегі білім беру ұйымдарының жай-күйі талқыланған кеңейтілген мәжіліс өтті.

Кеңейтілген мәжіліске облыстық мәслихат төрағасы, облыстық сот төрағасы, облыс прокурорының міндетін атқарушы, облыстық полиция департаментінің бастығы, облыстық құқық қорғау органдарының басшылары, департамент, басқарма басшылары, қала және аудан әкімдері, қаладағы, аудандардағы мәслихат төрағалары, қоғамдық кеңес, әйелдер кеңесі, ардагерлер кеңесінің төрағалары, ата-аналар комитетінің өкілдері, облыстағы білім беру ұйымдарының басшылары, аудандардағы дербес бөлім басшылары мен білім беру ұйымдарының қызметкерлері қатысты.

2-БЕТТЕ

БЕТІНДЕ МІН ЖОҚ, ІШІНДЕ ДЫМ ЖОҚ



Осындайда «Болыс болдым мінекей, бар малымды шығындап...» деген Абай дананың мысқыл үлгісінде жазылған өлеңі ойға оралады. Шынында, қазір кітап шығарып, жазушы атанудан алдымызға жан салмай тұрмыз. Кезінде құндылықтың шырқау шыңына баланған, мұқабасы қарапайым дүниеден өзіміздің жан дүниемізді рухани нәрлендіріп, ерекше ләззат алатынбыз. Оны достармен талқыға салып, кей тұсын қойын дәптерімізге түртіп қоятынбыз. Қадыр Мырзалиевтің, Мұхтар Шахановтың, Фариза Онғарсынованың, Күләш Ахметованың өлеңдерін жаттап, жиын-тойда жарыса айтатын едік. Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдар», Сәбит Мұқановтың «Ботагөз», Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» кітаптары қолдан-қолға тимей, мұқабасы тозатын. Қазір кітаптың мұқабасы тозбақ түгілі, парағы ашылмайды десек қателеспейтін шығармыз.

3-БЕТТЕ

ҚАЛАМАҚЫДАН ҚАҒЫЛҒАНДАР АЗ ЕМЕС



Бүгінде Парламент қабырғасында «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейтін заң жобасы талқылануда. Авторлар қауымы үшін бұл құжаттың маңызы зор. Енді бұдан былай қараокеге барып ән айту да арман болып қалатын сияқты. Себебі автордың рұқсатынсыз кез келген әнді айтса, қылмыстық жауапкершілікке тартылуы ғана ғажап емес. Заң қабылданса, кәсіпкерлер ай сайын авторға қаламақы төлеуі керек.

3-БЕТТЕ

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕ БОСАҢСУҒА БОЛМАЙДЫ

Мәжілісте білім саласының күрделі әрі ауқымды мәселелері қаралды. Балалардың заманға сай озық білім алуы, мектептегі орын тапшылығын, қала мен ауыл мектептеріндегі білім сапасының алшақтығын жою, білім ошақтарын қауіпсіз орынға айналдыру, оқушыларға өнегелі тәрбие беру, тағы басқа өзекті әрі күрделі мәселелер жан-жақты талқыланды.

Жиынды аймақ басшысы ашып, бүгінгі шұғыл өзгерістерге толы кезеңде білім мен біліктілік бәсекеге қабілетті мемлекетіміздің бағдаршамы екенін атап айтты.

Рейтинг нәтижесімен 81 мектепте соңғы үш жылда ұстаздардың да, оқушылардың да бірде-бір нәтижеге қол жеткізбегені анықталып отыр. Барлық білім беру ұйымдарына бірдей мүмкіндік жасалып келеді. Енді бұдан былай нәтиже көрсетпеген мектеп басшыларының жұмысын бағалау жүргізіледі. Кешкі мектептерді жабу жөнінде де шешім қабылданды, – деді білім басқармасының басшысы.

Балалар мен жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы жұмыс барысын облыстық полиция департаментінің бастығы, полиция генерал-майоры Махсұдхан Аблазимов баяндады.

Оның айтуынша, аймақта жасөспірімдер қылмысы 78 пайызға өсіп отыр. Мектептегі құқық бұзушылықтар дер кезінде тіркеліп, есепке алынбаған. Тәртіп бұзған балалармен жұмыс жүргізілмеген. Соның салдарынан мектеп оқушы-



дегі 3 жоғары оқу орны – Астана IT университеті, СеулТех университетінің Қызылорда қаласындағы филиалы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті грант ұсынады.

Бүгінгідей мүмкіндіктер дәуірінде жеткіншектеріміздің жарқирай көрінісіне, биіктерге ұмтылатынына ұстаздар да, ата-аналар да, бәріміз сенім артпауымыз қолдау көрсетеміз. Барлық бала Асылжандай жас өнертапқышқа, Қызылорда қаласында құдыққа түсіп кеткен екі жасар сәбиді құтқарып қалған Арман Аманжоловтай патриот ұлдарымызға қарап, бой түзеуі керек, – деді аймақ басшысы.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Түркістан қаласында өткен «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші Ұлттық құрылтайда «Мектеп – білімнің ғана емес, тәлім-тәрбиенің де ордасы. Балаңыз бойына біліммен қатар адамгершілік құндылықтарын сіңіру – ұстаздардың міндеті» – деген болатын. Алаш арысы Мағжан Жұмабаев «Алты Алаштың баласы бас қосса, төр – мұғалімдікі» деген. Халқымыз келешектің кілті білімде екенін терең түсініп, ұстазды ерекше қадірлеген. Бүгінгі күні педагог – ұлттың жана сапасын қалыптастыру үдерісіндегі ең маңызды буын. Ұстаздарымыз осы талап үлесінен шығуы тиіс, – деді облыс әкімі.



Мұнан соң аймақтағы білім беру саласының жай-күйін облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов баяндады.

– Аймақтағы орта білім беру мекемелерінің алдына қойылатын жауапкершілік жоғары. Облыстағы 328 мектепте 181804 оқушы білім алуа. Оның 207-сі мемлекеттік, 31-і жеке меншік мектептің үлесінде. Соның 30-ы жоғары нәтиже көрсетсе, 81 мектеп бірде-бір нәтиже көрсетпеген. Қызылорда қаласындағы 6 мектепте қолайсыз



лары арасында суицид, ұрлық, зорлық-зомбылық дерегі тіркелген. Жалағаш ауданындағы №246, 123 мектепте жаппай төбелес орын алған.

Облыс әкімі жасөспірімдер тәрбиесінде ата-аналардың ролі зор екенін айтты. Мектеп басшыларын ротациялау мәселесін де жүзеге асыру керектігін ескертті. Бұл бағытта ардагерлер, ата-аналар комитеті, мектеп басшылары, мектеп инспекторлары бірлесу жұмыс жүргізудің маңыздылығына тоқталды. Сондай-ақ аймақ басшысы биылдан бастап өңірдің барлық елді мекеніндегі клубтар мен мәдениет үйлерінен жас ұрпақты отанышылдық және мемлекетшілдікке, патриоттыққа тәрбиелейтін үйірмелері бар «Адал адам» рухани-мәдени орталықтары ашылатынын айтты. Бұл орталықтарда



Облыс әкімі жасөспірімдер тәртібі мәселесіне тоқталып, қылмыстың алдын алу және болдырмауға қатысты жұмысты күшейтуді талап етті.

– Білім ошақтарында көмелетке толмағандардың қатысуымен жасалатын келенсіздіктерді түбірімен жоюымыз қажет. Бүгінгі мәжіліске әр ауданнан ардагерлер, қоғамдық кеңес, әйелдер

Еске салсақ, өткен жылдың ақпан айында «Отбасы – тәрбие бесігі» тақырыбында облыстық ата-аналар кеңесі өткізілді. Бұл жұмыстар қала, аудан, ауылдарда жалғасын тапты. Дегенмен әзірге нәтиже көңіл көншіпейтінін атап өткен аймақ басшысы осы бағытта әрі қарай да шаралар қабылдау қажеттігін қаперге салды.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев білім беру ұйымдарының жай-күйі туралы кеңейтілген мәжілісте жауапты басшыларға балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, әлімжеттіктің алдын алу туралы тапсырма берді.

– Өкінішке қарай, кейбір мектептерде жасөспірімдердің бір-біріне әлім-жеттік, зорлық көрсетуі, суицидке баруы тіркелуде. Буллинг балалар мен жасөспірімдердің денсаулығына, жан дүниесіне оры тоғамас зиянын тигізіп, оқу үдерісіне кері әсер етеді. Олардың әлеуметтік ортадан шеттетілуіне, ой-санасының бұзылуына өкпе соқтыратын кез келген жағдайға тосқауыл қоюымыз қажет. Өткен жылы қыркүйек айында «Тәрбие, спорт және қосымша білім беру орталығы» құрылды. Биыл облыс орталығына Психологиялық қолдау орталығы өз жұмысын бастайды. Жаңа орталықтар жұмысы балалардың ой-танымын арттыруға, спорттық қабілетін шыңдауға, жасөспірімдер арасындағы түрлі келенсіздіктердің алдын алуға бағытталуы тиіс, – деді облыс әкімі.

Облыстағы жалпы орта білім беру ұйымдарындағы заңдылықтардың сақталуы және құқық бұзушылықтың профилактикасы туралы Қызылорда облысы прокурорының орынбасары Нұрболат Дүйсенбаев мектептердегі ыстық тамақ жайының сын көтермейтінін, 6 мектепте асхана жоқтығын, асханада кәсіби маман жұмыс істемейтінін, осы орайда мектеп асханаларына прокурорлық тексеру жүргізілгенін жеткізді. Мектептердегі медпункттер талапқа сай емес. Тіпті №128, 172 мектептерде балалар ауырып қалған жағдайда берілетін қажетті дәрілер жоқ болып шықты. Күзет қызметі де жолға қойылмаған. №261 мектепте кез келген адамның кіріп шығуына жол берілген. Мектептердегі лаборант, хатшы мамандарын конкурссыз қабылдаған. Жалған дипломмен жұмыс істеу фактілері толастамай отырғандығын, мемлекет қаржысын жымқыру дерегі тіркеліп отырғанын атап өтті. Сонымен қатар мектептегі информатика кабинеттерінде тыйым салынған сайттардан порнофильм көру дерегі тіркелгенін тілге тиек етті. Осы ретте облыс басшысы прокурорға ұсыныс енгізіп, қатаң шара қолдануды тапсырды.

Ыстық тамақ үшін бюджеттен 5 млрд қаражат бөлінгенін жеткізген аймақ басшысы бұл бағытта қатаң тексеру жүргізу жөнінде құзырлы орын басшыларына тапсырма берді. Жалған дипломмен балаға білім берген педагогты, сапасыз тағамға қатысты мектеп басшыларын, сол асханаға қызмет жасаған кәсіпкерлерді жазалау керектігін баса айтты. Түнгі клубқа барған ұстаздардың мәселесі өлеп кенесінде қаралу керектігін, бұл тапсырманы 10 күнде орындауды міндеттеді.

Жиында облыстық мәслихат төрағасы Наурызбай Байқадамов, ата-аналар атынан Іскендір Ержан, №3 мектеп-лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Әсел Пірмағанбетова сөз алып, жасөспірімдер тәрбиесіне қатысты пікірлерін білдірді.

Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА



ҚАЛАМАҚЫДАН ҚАҒЫЛҒАНДАР АЗ ЕМЕС

Бұл қатаң ережеге бағынбаса, караокемен нәпақа тауып отырған кәсіп иесі 360 мың теңгеден 55 млн теңгеге дейін айыппұл төлейді. Қалтаға әжептәуір салмақ түспек. Сонда кәсіпкерлер кәсібін тоқтататын болар. Кәсіпкерлер қандай жағдайда айыппұл төлейді? Ол үшін автор құзырлы өзінің авторлық құқығының бұзылғанын айтып арыздану керек.

Алайда ел қазынасына жататын халық әндеріне айыппұл салынбайды. Егер көпшіліктің қалауымен орындалатын авторы бар әндер орындалса кәсіпкерлер әр ай сайын автордың қаламақысын арнайы ұйымға төлеуі керек. Мамандардың айтуынша, министрлік караокедегі бір орыннан кемі 738 теңге авторларға аудару керек деп бекіткен. Есептей келе, 30 орындық мекеме айына 36 мың 920 теңге қаламақы төлеуге мүдделі. Төлеміңіз караокедегі орын санына байланысты өсе береді.

Занды өкілдер мүлтік құқықтарды ұжымдық басқаратын ұйымдарға төлейтінін айтады. Оның құрамында авторлар болады. Бұл ұйымдар авторлардың атынан осындай пайдаланушыдан сыйақы жинайды. Сол есептің негізінде ұйым әр авторға осы сыйақыны бөледі.

Караокеге келген қонақтар интернеттен өздері қалаған әнді қосып алса да, құқық бұзылады. Бұл кезде де айыппұл караоке иесіне салынады. Жергілікті кәсіпкер Айман Ботаева бұл заңға қарсы. Миллиондан айыппұл салынаса, бұл бизнес ешкімге опа бермейтініне сенімді.

Айман БОТАЕВА:
– Табысымыздың 1-2 млн теңгесі караоке сатып алуға кетеді. Келушілердің тілегімен жана шыққан хит әндерді 200 мың теңгеге сатып аламыз. Бізге караокедің әндерін сататын ұйым әннің меншік иесімен келісімшарт жасайтыны белгілі. Сайып келгенде бұл орта бизнес өкілінің жұмысына тежеу болады.

Құқық қорғау органының өкілі Думан Базарбековтің айтуынша, музыкалық шығарманың қолданысын тексеру мүмкін емес. Бұл жиналған ақшаны ұрлауға немесе жемқорлыққа әкеледі. Яғни тексеруші көз жұма қарайды, ал орынсыз айыппұлдан қашқан кәсіпкерлер пара ұсынады.

Сала мамандарының айтуынша, заңға өзгеріс енгізбесе, авторлық құқықты бұзғандар ҚР-ның Қылмыстық кодекстің 198-бабына сәйкес 300 мыңнан 18 млн теңгеге дейін айыппұл төлеуі тиіс. Тіпті 6 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы да мүмкін.

Авторлық құқыққа қатысты айта кететін бір жайт ән ұрлауға келгенде, қазақстандықтар алдыңғы шепте тұр. Интернеттен тыңдаған әуен ұнаса дереу біздің әншілер ақындарға сөз жазғызып, немесе өздері жазып, үлкен сахнада орындап жүр. Олар көбінесе Малайзия,

Басы 1-бетте

Г.АСҚАРҚЫЗЫ



жағдай қалыптасқан. Мәселен, №175, 178, 215, 280, 282 мектептердің нәтижесі көңіл көншітпейді. Облыста 24531 педагог болса, оның 23628-і мемлекеттік мектепте қызмет атқарады. Оның жоғары білімдісі 23567, арнаулы орта білімі барлар 964-ті құрайды. Басқармаға биылғы жылдың өзінде 1148 арыз түскен. Бұл үшін арнайы комиссия құрып, зерделенбек. Ал облыстық олимпиадаға қатысуға 30 мектеп бірде-бір нәтиже көрсетпеген.

балалардың қабілеті шындалып, сырдариялық жас өнертапқыш Асылжан Абдуллаев, батыр жеткіншек Арман Аманжоловтай патриоттардың үлгісі насихатталмақ.

– Күні кеше республикалық телеарналардан Сырдария ауданының 11-сынып оқушысы Асылжан Абдуллаевтың жасанды интеллектіні алғаш болып қазақша сөйлестіретін туралы ақпарат жарияланды. Ауыл баласының ұшықыры жоқ ғаламтор кеністігіне жанашылдық әкелгені көпті таңғалдырды. Жас технократқа қазірдің өзінде еліміз-

кенесі төрағалары мен өкілдері арнайы шақырылды. Бала тәрбиесіне тек ата-ана, мұғалім ғана емес, қоғам болып атсалысуымыз керек. Оқушылар мен жастарымызға зиялы қауымның, ақсақал-абыздарымыздың сөзі өтімді болуы тиіс. Бұрынғыдан бізге жеткен «жастай берген тәрбие – жас шыбықты игендей» деген сөз бар. Бұзақылықтың себебін бірі – бос уақыттың көп болуында. Ювеналды полиция бөлімшесі жұмысының тиімділігіне жан-жақты талдау жасалу керек, – деді облыс басшысы.

Қалада қанша апатты үй бар?

Қалада апатты деп танылған көпқабатты 51 үй болса, ондағы 628 тұрғын пәтер кезегінде тұр. Ал Тасбөгет кентінде барлығы 77 көпқабатты үй тіркелген. Қазіргі уақытта оның 24 үйі апатты деп танылып, 356 пәтер апатты үй кезегіне қойылған.

Былтыр ауа райының қолайсыздығына байланысты шатыры ұшқан 34 көпқабатты тұрғын үйлердің шатыры демеушілер тарапынан қалпына келтірілді. Сарапшылардың қорытындысы негізінде Әлия Молдағұлова көшесі №2 үй иелері ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңына сәйкес, «Жалғыз тұрғын үйі апаттық жағдайда» деп танылған азаматтар санатына тұрғын үй кезегіне толықтай тіркеліп, 9 пәтер тұрғыны жана пәтерге қоныстанды.

Сондай-ақ кенттегі үйлердің бірқатары ескірген. Өкпелері, ауыз су және кәріз жүйелері мен қасбеттері, шатырлары жөндеуді қажет етеді. Осыған орай қала әкімі Серік Қожаниязов биыл жөндеу жұмыстарын 19 үйдің тізімін бекітіп, жұмысметалық құжаттарын әзірлеуді тапсырды. Сонымен қатар техникалық паспорты жоқ кейбір үйлердің құжаттарын рәсімдеуді жүктеген болатын.

Әкім уәде берді

Мамандардың айтуынша, негізі мұндай ескі үйлер Титов ауданы мен Бөкейхан көшесінің бойынан кездестіруге болады. Бірақ біз Тасбөгет кентіндегі апатты деп танылған үйлерге тоқталған себебіміз, қала басшысы шаарды аралау барысында осы ескі үйлерге барып, тұрғындармен кездескен еді. Сол кезде қала әкімі олардың өтініштері назардан тыс қалмайтындығын жеткізіп, жаңадан салынатын көпқабатты үйлерден аталған санаттағы азаматтарға кезектілік тәртібімен жыл сайын 100-ден астам пәтер табысталатындығын мәлім етті.

– Біздің қаладағы өзекті мәселелердің бірі – апатты үйлердің ахуалы. Кезінде 1950-1960 жылдары салынған. Содан бері қаншама халық тұрып келеді. Жалпы қаладағы көпқабатты үйлердің 50-ден астамы апатты деп танылса, оның 24-і Тасбөгетте екені белгілі.

Негізі бұл үйлерге жөндеу жұмыстары жүргізілген болатын. Бірақ осы кезде үйдің тозығы жетіп, шаршала. Әр нәрсенің өз уақыты болады. Демек бұл үйлердің де орнына тұрғын үй салынатын кез келді.

Бүгінде 628 адам кезекте тұр. Міне, осы тұрғындар арнайы бағдарлама бойынша жыл сайын салынып жатқан үйлерден кезегімен

Басы 1-бетте

АПАТТЫ ҮЙЛЕР АЗАЯ МА?



баспаналы болады. Айталық, жылына 100-ден астам пәтер табысталса, алдағы 5-6 жылдың көлемінде қаладағы апатты тұрғын үй мәселесін түбегейлі шешуге мүмкіндік бар, – деді қала әкімі.

Қала басшысының айтуынша, бұл мәселе бойынша жоспар құрылып, жұмыс қолға алынды.

Айғаным апа неге алаңдап отыр?

Кенттегі Әлия Молдағұлова көшесінде орналасқан екі қабатты үйдің тұрғыны Айғаным апа алаңдаушылығын жасырмады.

– Мен тұрып жатқан үй 1991 жылы салынды. Ал апатты деп 2020 танылды. Біраз жылдан бері осы жерде мекен еткен соң үйреніп қалады екенсің. Ескі үйің болса да өз үйің ғой. Бірақ бізді алаңдататын бір мәселе, жана үй салынып, дайын болғанша қайда тұрамыз? Әлде уақытша пәтер жалдаймыз ба немесе осы үйде лаждап тұра береміз бе деген сұрақтар санаға тыныштық берер емес, – деді Айғаным апа.

Маман жауап берді

Расында, тұрғындар арасында сан алуан сұрақ жүр. Бірі қай жақта тұрамыз, екіншісі шынымен үй беріле ме – деген сауалдар. Осыған орай біз мамандарға жолығып, тұрғындар сұрағына жауап алдық.

Қалалық тұрғын үй инспекциясы бөлімінің маманы Гүлсінай Ахметова нақты жауап берді.

– 2019 жылдан бастап қала бойынша 51 көпқабатты тұрғын үй белгілі бір мөлшерде

өзінше бастапқы конструктивтік беріктігімен төзімділігін жоғалтты.

Қазіргі күні тұрғын үй алу кезегіне апаттық үйлер санаты бойынша «Kezekte.kz» сайтында 630 отбасы тіркелген. Жалғыз тұрғын үйі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен авариялық жағдайда деп танылған азаматтарға 2021 жылы сол жағалау ауданында салынған көпқабатты тұрғын үйлерден 93 отбасына, 2022 жылы – 60 отбасыға, 2023 жылдың наурызында 40 отбасыға жана пәтер табысталды. Бұл науқан биылда жүзеге асырылады. Бірақ уақыты енді белгілі болады.

Сонымен қатар тұрғындар жана баспаналары дайын болғанша сол ескі үйлерінде тұра беріледі. Оларды ешкім бірден шығарып тастамайды, – деді инспекция маманы.

Оған қоса маман тұрғындардың қалай, қайда өтініш беру керектігін айтып өтті.

– Меншік иелері «Kezekte.kz» сайты арқылы тұрғын үй кезегіне тіркелуі үшін

өтініш бере алады. Тұрғын үй кезектілігі электронды түрде жүргізіледі. Кезекке тұру үшін ЭЦҚ (ЭЦП)-мен қол қою арқылы электронды өтініш беріледі, кезектілік толықтай автоматтандырылған.

Заңға сәйкес, кезекте тұрған азаматтарға пәтерлер кезектілік тәртібімен беріледі. Тұрғын үйлердің техникалық жағдайын зерттеу, оған баға беру меншік иелерінің өтініші бойынша ғана жүзеге асырылады. Қолданыстағы «Тұрғын үй қатынастары» туралы заңнама сәйкес, кезек ретімен коммуналдық тұрғынжай пайдалануға берілген уақытта апаттық деп танылып, өзінің

Тілші түйін

Сонымен, апатты үйлер азая ма? Иә, ескінің орнын жаңа басады.

Бәрі бірден жойылмаса да жыл сайын азаяды, ағайын. Жоғарыда атап өткендей, Айғаным апа секілді алаңдап отырған тұрғындардың жана баспаналы болатын сәті де жақын. Қала әкімі уәде берді. Енді бәрі уақыт еншісінде.

Ақтоқын НҮРЛЫБАЙ

Суреттер қала әкімінің баспасөз қызметінен алынды

БЕТІНДЕ МІН ЖОҚ, ІШІНДЕ ДЫМ ЖОҚ



шығу-шықпауы екінші мәселе. Ал жаппай кітап жазғыштар, соңғы кездегі кітапсымақтар ағайындарына, туыс-туғандарына «мен де кітап жазамын, кітабым

Бүгінде кітап жазу бәсекеге айналып, өз әулетінің немесе жеке адамның отбасылық өмірін паш ететін кітапқа сәлеміз толып үлгерді. Мерейтойға арналып жасалған кітаптың жартысынан көбі сурет, ішінде тәрбиелік дүние жоктың қасы. Ал психологтардың жарнамасы мен классик тұлғаның кітабын шетке ысырып тастауда. Қазір көпшілік қалай баюдың, жетістікке жетудің қыр-сыры жайлы арзанқол дүниеге құмартып барады.

бар» деп мақтану үшін ғана шығарып жүргені рас.

Орайы келгенде мына оқиғаны жаза кетейін. Кітап шығарудан алдына жан салмайтын сыйласып жүрген үлкен кісі бар. «Мына кітапты баспаға дайындап жүр едім. Көріп, қатесі болса жөн-

деп берерсің» деп өтініш айтты. Ақпейіл ағаның меселін қайтармайын деп «жарайды, аға, көрейін» деп келісе кеттім. Бір күні қолым бастау кезде әлгіні қарасам, орфографиялық қатені былай қойғанда сөздегі әріп қатесі, тыныс белгі қатесін былай қойғанда, сойлемнің байланысуы, көркемдігі сын көтермейді. Кітап екі адамның монологынан құрылып, ауызекі сөйлеу тілімен жазылған. Шынын айтқанда, кітапты өзім қайта жазып шыққандай қиналғаным бар. Одан оқырманның қажетіне жарайтын, өміріне азық етер тұқ таппайсыз.

Бір көңіл жықпас ұстаз апайымыз бар еді. Сол кісі де аяқ астынан кітап жазатын болды. Құдайға шүкір, қаржы жеткілікті, балалары бизнесмен. Ойлаған дүниесі тез жарыққа шықты. Бір данасы қолыма тиді. Қарап соңғы бетіне келгенде арнау өлеңге көзім түсті. Ұзын сонар шұбыртпалы ұйқаспен өзінің туған келінін жамандап жазғанын оқып, аза бойым қаза болды. Ашуланған кезде өлең кітапқа шығып кеткен.

Кейін сол кісі өз әрекетіне өкініп, кітап қолына тиген туыстарына соңғы парағын жартып тастауды өтініп жүргені есімде. Міне, қараңызшы, кітап дегенің көз алдында арзан дүние болып, әркімнің қолжаулығына айналғаны жаныңа батады.

Бұрын ше? Аға буын өкілдерінің айтуынша, кеңес үкіметі тұсында поэзия 30 мың, проза 60 мың, тіпті «Көшпенділер» 100 мың данамен шыққан. Кітапхана аралап жүріп, бұл санның растығына өзіміздің де көзіміз жетті. Ол уақытта «Жазушы», «Қайнар», «Қазақстан», «Мектеп» сынды бар-жоғы бес-алты баспа қызмет жасаса да, ессенің електен өткен сапалы дүниелер басылып шығушы еді. Ал бүгінде не көп, жеке баспахана, кітап та, автор да көп.

Дәулеткерей Кәпұлы, ақын:

– Зейнетке шыққан, таланты бар, бірақ кітап жазуға қолы тимеген ағайындар да көбіің кетті. Өрине, отбасына, әулетіне естелік ретінде қалдыруға болады. Бірақ көркем әдебиет ретінде ұсынуға болмайды. Және 5-6 кітап жазып тастап, мені жазушылар одағына мүшелікке ал деп қинайтындар бар.

Рауан Аманова, студент:

– Біздің қазаққа біреудің өмірі, жеке бастың әңгімесі қызық. Баян Максатқызы, Ләйлә Сұлтанқызы, Айнуір Тұрсынбаевадай өнер жұлдыздарының бір кітабын да оқып көрмедім. Бір-екі әңгімесін тыңдалым, маған аса қызық емес. Жалпы бізді мақтаншылық сана билеп бара ма деп ойлаймын.

Иә, шынында, бүгінде қаптаған кітап та, белсенді жазушы да көп. Бірақ оқырман аз. Себебі саңырауқұлақтай қаптаған саны бар да, сапасы жоқ кітап оқырманның жүрегіне жол таппайды. Кей кітаптың бетінде мін жоқ, ішінде дым жоқ. Міне, кілтпап осында.

Г. ҚОЖАХМЕТОВА

ЕТІГІҢІЗ ЕСКІ МЕ?

– Бұл салаға тосыннан келген жокпын. Әкем – етікші. Балалық шағым шеберханада өтті. Ескі базар маңындағы аяқкіім жөндеу шеберлерінен бұл кәсіптің қыр-сырын көріп өстім. Алғашқы ұстазым – әкем. Кейін арман қуып алып шаһар Алматыға бардым. Аяқкіім шеберханасында, кейін химиялық тазалаудан өткізу орталығында жұмыс істедім. Мақсатым осындай орталықты Қызылорда

адам аяқкіім таппай жатады. Кейіңкеріміз мұндай жандарға сәнді аяқкіім жоспарлап жүр екен.

– 2020 жылдан бері облыс төңірегінде қызмет көрсетудеміз. Бұл кәсіп түрін үйренгісі келетіндер аз емес. Шеберханада алты маман қызмет етеді. Тапсырыс қабылдаушы, тазалық шебері, жөндеу шебері және бояушы маман бар. Күніне жиырмаға дейін тапсырыс қабылдаймыз. Қызмет көрсету ақысы 1000-8000 теңге арасында. Күнделікті табыс орташа есеппен – 150 мың теңге. Қазіргі уақытта екі аяқкіімді химиялық тазалаудан өткізетін орталығымыз бар, – дейді «FRESH» орталығының иесі.

Шеберханада аяқкіім кеңейткіш құралы да бар. Бүмен тазарту, кептіру бөлмесі, тігін машинасы сияқты заманауи құрал-жабдықпен қамтамасыз етілген. Жұмыс барысында аяқкіім алдымен химиялық және бактерияға қарсы тазалаудан өтеді әрі қарай тұтынушының қалауы бойынша қызмет көрсетіледі. Бұл кәсіптің бір ғажабы – аяқкіімнің түсін де, сәнін де өзгерте алатындығында. Арнайы италиялық бояу қолданылады және оның сапасына кепілдік беріледі екен. Орталықта жедел тазалау, терездетілген тазарту, жөндеу жұмысының барлық түрі жүргізіледі. Жулуы, кебуі, бояуы және жөндеу жұмыстары 3-4 күн уақыт алады екен.

– Заман талабына сай әлеуметтік желі көмегімен кәсіптің ілгерілеуіне үлкен мүмкіндік бар. Тұтынушыларымыздың барлығы дерлік әлеуметтік желідегі оқырмандарымыз. Сонымен қатар халыққа күнделікті жұмыс барысын ақпараттандырып отырамыз. Тұтынушы қатарын аттырудың жолы – жеңілдік ұсыну. Осындай жағдайымызды, күнделікті жұмысымызды әлеуметтік желіге жүктеп отырамыз, – дейді Бағдат Оралбай.

М.САҒИ

Басы 1-бетте



Ғасыр «ғажайыптары»

ӨТІРІК



Тегінге еш нәрсе табылмайтын болды,
Арзанға еш нәрсе алынбайтын болды.
Кең тарылды, тар жарылды, саудагер
сабылды, қылмыскер қағынды...

Жанды дауыс жойылып, жалған дауыс жаңғырып
шығатын болды.
Қалталы болса бітті, күйеу тандаудың түкке керегі
болмай қалды.
Жер бетін жаппай жылымық ауа жайпағанмен, жанға
дауа жылы сөз бірте-бірте жылысып барады.
Жанары ашық «загіптар» жетерлік.
У жұтқанмен уланбайтын болды.
Бұлбұлдың дауысын қарғалар
естірмейтін болды.
Сөз арзандап, бөз қымбаттады.
Тегін алыс-беріс тек тегіне
қарай жүзеге асатын болды.
Иә, әлі «ғажайыптар»
көп, қалғанын
кейін...

ШЫНДЫҚ



ҚАЖЕТТІЛІК ЖАЙЛЫ СҰХБАТ



– Көз кісіге не үшін керек?
– Әй, соны білмейсін бе? Жалпы
ғаламды, ғаламат заманды, әртүрлі
адамды, жақсы мен жаманды көру үшін
керек.
– Құлақ ше?
– Мағынасы мәнді, әсем әнді, сын мен
мінді, өтірік пен шынды, түрлі есепті,
кейде өсекті есту үшін қажет.
– Кісіге қол не үшін қажет?
– Керегінді жан-жақтан қармап,
арасынан тәуірін таңдап алу үшін керек.
– Қарын ше?
– Қарын дүние жинайтын дорба емес.
– Қарын салатын әмийн да емес.
– Енді не?
– Қаржы дүние жинайтын дорба емес.
– Тамалқа тойса тіленбейтін, аш болса
кісінің ішкі құрылысындағы көзге
еш нәрсені елемейтін, кісінің ішкі құрылысындағы көзге
көрінбейтін қатшыққа ұқсас қоржын.
– Аяқ туралы не айтасыз?
– Адамға аяқ жүріп-тұру үшін керек.
– Бүйрек ше?
– Бүйрек басына бармақтай бақ қонып тұрғанда,
астында тәуір тақ болып тұрғанда жақын-
жауығына бар жақсылықты бұру үшін қажет.
– Ау, «Тура биле туған жоқ!» деген
қайда?
– Әй, тура би де темірден
емес, ет пен сүйектен
жаралған пенде ғой.
О, несі-ей!


Кімге не қайғы?



– Бүгін үлкен
мереке, той ғой.
Жүр, барып
тойлап, ойқастап
ойнап қайтайық!
– Өзің бара бер!
Шаруам ойдағыдай
болмай, өзіңнің
мазам кетіп тұр.
Иә, біреудің
ойы – тойда,
біреу – терен
ойда...

ҚИМАСТЫҚ

Бұрын белгілінің бірі болған, қызметі де ірі болған,
жандайшаптар мен жағымпаздардың пірі болған
Бакқұмар Такқұмартегі зейнет демалысына зорға
шыққаннан кейін тыныш жата алмады. Аты-жөні
мен атағы бұрынғыдай жиі аталмады. Жандайшаптар
мен жағымпаздар одан безіп кетті, енді оған күні
түспейтінін сезіп кетті. Бұл қорлыққа көңісі келмеген
Бақан қызмет сұрап басшылардың жолын бағатын
болды, кеңселердің есігін қағатын болды. Ұзын сөздің
қысқасы, ол бір төпелтек таққа отырды, шапқылап
жүріп шаққа отырды. Ілініп-салынып қызмет істеп
жүрді, өзін-өзі әрең күштеп жүрді. Анда-санда ауырып
аунап тұратын болды, қысы-жазы денесі жаурап
тұратын болды. Бақан сөйтіп жүрсе де әртүрлі қызмет
атқарды. Кейін бір белгісіздеу мекемені басқарды. Әлі
де тәуір қызметтен дәмесі бар секілді.



Біреулер:
– Кемеліне келсе де,
Егделікке еңсе де,
Тәй-тәй басып теңселе,
Қызметке келіп жүр,
Қалт-құлт етіп кеңсеге,
– деп күлетін көрінеді.
Несі бар,
Тәй-тәй басып
теңселе,
Келсе келсін
кеңсеге,
Бірақ бірден
қисайып,
Қалмасын де
кеңседе,
– деп енді біреулер оны
қолдайтынға ұқсайды.
Иә, неміз бар. Жүрегі
мен жүйкесі «нормальный»
болса, жүре берсін.

Қазір көп сөз айтып көпіріп, бос сөз айтып лепіріп, ұзақ тұратын
заман емес. Ондайды уақыт көтермейді, бекерге кеткен бос уақыт
ешнәрсемен өтелмейді. Уақыт – ақша! Бизнес... Алу, қосу, көбейту...

Арыз-шағым мен өтінішті, түрлі пікір мен өкінішті тиісті орындарға
жазбаша түрінде жолдағанда да тура осылай. Көбі көбік «роман» мен мә-

мағынасы кетік «повестерді»
алтын уақытын босқа
кетіріп, оқып отыр-

майды. Біреуді мақ-
тап жазғанда өте
тым мадақтай
бермей, дақтап

жазғанда тым
ұзын сонар
етіп далақтай
бермей жан-

жағын жұп-
жұмыр етіп,
жинақы жазған
дұрыс. Біреуге ор-

казу жайлы «очерк»
те осындай үлгіде
болғаны жөн. Мұны
айтып отырғаным, бірі-

міздің үстімізден біріміз
арызданбасак ауыратын,
арызданбасак сауығатын әдетіміз
әлі қалмаған пендеміз ғой.

әлі қалмаған пендеміз ғой.

әлі қалмаған пендеміз ғой.

әлі қалмаған пендеміз ғой.

әлі қалмаған пендеміз ғой.

әлі қалмаған пендеміз ғой.

әлі қалмаған пендеміз ғой.

әлі қалмаған пендеміз ғой.

әлі қалмаған пендеміз ғой.

әлі қалмаған пендеміз ғой.

әлі қалмаған пендеміз ғой.

әлі қалмаған пендеміз ғой.

әлі қалмаған пендеміз ғой.

әлі қалмаған пендеміз ғой.

әлі қалмаған пендеміз ғой.

әлі қалмаған пендеміз ғой.

әлі қалмаған пендеміз ғой.

әлі қалмаған пендеміз ғой.

Әр түрлі әсер



– Шен-шекпен әркімге әрқалай әсер
ететіні рас екен. Мысалы, ары таза адал
адам шекпен киіп, шен тақса, барлық
мәселені әділ шешеді.
– Жемқор шен-шекпен кісе ше?
– Ол бірден көседі.
– Мақтаншақ кісе ше?
– Ол бөседі...
– Жағымпаз
кісе?
– Өте жылдам өседі.
– Ал, бетке тура айтатын біреу
кісе ше?
– Ол өшеді.

УАҚЫТ - АҚША




ҰРТ ТІЕН МҰРТ

– Мұнша неге мұнайдың мұртым неден?
Деп бір күні сырластым мұртымменен.
Езуімнен екі елі-ақ әрі тұрған,
Мұрт керісіп қалыпты ұртымменен.

Жалбырап екі езуді жауып тұрсын,
Қалжырап енді мені тауып тұрсын.
Ширатылып жоғары өсер десем,
Салбырап маған қарай ауып тұрсын,
– Ден ұртым мұртқа біраз ұрысыпты,
Мұрттың да мінез-құлқы тырысыпты.
Осылай бірін-бірі түсініспей,
Құйқаның тамырлары тырысыпты.

– Мұртым, сені қудайым кенже берген,
Ұрт өзімнен өмірге бірге келген.
Тұрыңдар түркілемей бір-біріңді,
Үлкенді-кішілі боп іргелі елмен.

Шықпасын бұл сыр тарап енді сыртқа,
Керіспендер күлкі боп енді жұртқа.
Ұрт үлкен, жасың кіші мұртым сенің,
Деп біраз басу айттым ұрт пен мұртқа.



Қазыбек ӘШІРБЕКҰЛЫ

Қазақстан Жазушылар одағы басқармасына қарасты Қазақстан
сықақшылары «Найзагер» қауымдастығы мен Журналистер
одағының мүшесі

Суреттер ашық дереккөзден алынды

Сықақ туралы «шежіре»

Белгілі бізге шын жасы,
Сықақ сонау сын басы.
Әзіл-оспақ, қалжыңдар,
Сенімді оның сырласы.

Дәйекті мысал – ағасы
Мәйекті мақал – нағашы.
Жиендері – жұмбақтар,
Баршаға аян бағасы.

Биік тұрған өресі,
Бірқакпайлар – бөнесі.
Шымырларатар шекені,
Шымшымалар – енесі

Киелі сықақ – жолбасы,
Жүйелі мысқыл – жолдасы.
Тұрмайды оқшау бөрінің,
Бір-бірінен ордасы.

Сықақтың былай ұстамы –
Шындықтан шықпау тысқары.
Негізсіз өсек – аяңдар,
Сықақтың нағыз дұшпаны.

Сықақта бар көп астар,
Тіпті жалған жоқ астар.
Сықақтың түрлі сипатын,
Түсіне бермес топастар!

ШАРАЙНАДА ШЫНДЫҚ БАР

– Бәке!
Жедел емес жәй ғана,
Жақын келіп айнаға,
Қараңшы айнала...
Көнбейтін еш айлаға
Қызықпайтын пайдаға,
Тосқауылсыз,
Тоспасыз,
Көрсететін
қоспасыз,
Бар
шындық
тек
айнада!

– Сәке!
Сонда қалай
маскара,
Шындық жоқ па
басқанда?
– Жок емес, бар!
– Бірақ соған біреулер
зар...



ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ
ФИНАНСОВЫЙ ЦЕНТР
WWW.FINCENTER.KZ

Хабарландыру!
Құрметті ата-аналар
«Ziyatkeg» инновациялық мектеп лицейі жан басына
шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде
мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы болып табылады

**АТА-АНАНЫҢ ТӨЛЕМІ ЖЫЛЫНА
1200 АЕК-ТЕН АСПАУЫ КЕРЕК**
(2023 жылы - 4 140 000 теңге)

АТА-АНА ТӨЛЕМІ АСЫП КЕТКЕН
ЖАҒДАЙДА «ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ»
АҚ-НА ХАБАРЛАСУЫҢЫЗДЫ СҰРАЙМЫЗ

СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ:
8-7172-695-037, 8-7172-695-058

WHATSAPP СІЛТЕМЕСІ

Меншік иесі:



Бас директордың міндетін атқарушы
Марат АРАЛБАЕВ
Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат
комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті
жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғармасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер
мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттеліп, «ASU» баспа үйі, ЖШС сенімгерлік
басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында
басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына
хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 2973 Тапсырыс №160
Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА